



**«XXI ғасырдағы ғылым және білім: Еуразия
кеңістігінде даму динамикасы» атты
IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференция**

**20-21 қараша 2025 ж.
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Конференцияны ұйымдастырушы - ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ:

1. Ғаламдық өзгерістер жағдайындағы құқықтық реттеу
2. Психология-педагогикалық ғылымның заманауи үрдістері
3. Философия, қоғам және өлкетану
4. Тіл – мәдениетаралық коммуникация жүйесіндегі негізгі құрал
5. Өндірістік және ақпараттық технологиялар – тұрақты дамудың негізі
6. Экономикалық жүйелердің трансформациясының өзекті мәселелері мен бағыттары

Конференция гибридік форматта (офлайн және онлайн) түрде өтеді.
Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын.

Конференция жұмысына жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттар, магистранттар, ғылыми қызметкерлер, мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері қатысуға шақырылады.

КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Пленарлық және секциялық мәжілістер, шеберлік сыныптар.

Конференцияға қатысушыларды on-line тіркеу 2025 жылғы 1 қазанда ашылады.
Тіркеудің соңғы күні – 2025 жылғы 25 қазан.

ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

Конференцияға қатысу үшін 2025 жылғы 25 қазаннан кешіктірмей ғылыми мақала нысанындағы баяндаманы ұсына отырып, Инновациялық Еуразия университетінің сайтында (URL: <http://conference.ineu.edu.kz/ru/site/conf-reg> сілтемесі бойынша) тіркелу қажет.

Тіркеу формасындағы баяндаманың атауы кіші әріптермен (бас әріптермен жазылған бірінші сөз бен аббревиатураның бірінші әріпінен басқа), тырнақшасыз көрсетіледі. Конференцияға қатысушы туралы деректерді енгізу үшін тіркеу нысанын іске қосуы қатысушы электрондық пошта арқылы жіберілген хабарламада көрсетілген сілтеме бойынша өзінің электрондық мекенжайын растағаннан кейін жүзеге асырылады.

Ұйымдастыру жарнасын төлеу, қатысушы баяндаманы конференция бағдарламасына енгізу туралы хабарламаны электрондық пошта арқылы алғаннан кейін жүргізіледі.

Ұйымдастыру жарнасын төлеу туралы құжаттың көшірмесі хабарламада көрсетілген жеке сілтеме бойынша online тіркеу жүйесін пайдалана отырып, jpeg (jpg) немесе pdf форматындағы құжаттың сканерленген бейнесі түрінде ұсынылады. Түбіртек бейнеленген файлдың атауында «тегі» және «квитанция» деген сөз болуы тиіс, мысалы, Елікбаев қатысушы үшін - файлдың атауы мынадай түрде көрінеді: **Елікбаев- түбіртек.jpg** немесе **Елікбаев-түбіртек.pdf**.

Ұйымдастыру комитеті баяндаманы ашық баспасөзде жариялаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Ұйымдастыру комитеті жария етуге ұсынған қатысушылардың баяндамалары конференция веб –сайтына жарияланған (URL: <http://conference.ineu.edu.kz/ru/site/links> сілтемесі бойынша) электрондық форматта шығатын конференция материалдарының жинағына кіреді. Жинаққа ISBN беріледі.

Секцияға қатысу туралы барлық сұрақтар бойынша секциялардың хатшысына тікелей хабарласуға болады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАРНАСЫ

Конференция жұмысына қатысқаны үшін қатысушы ұйымдастыру жарнасын төлейді. Ұйымдастыру жарнасының құны: 2000 теңге немесе 300 рубль.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру жарнасын төлеу комиссиялық алымды ескере отырып, «Инновациялық Еуразия университеті» ЖШС-нің есепшотына банк аударымы арқылы жүзеге асырылады.

Қатысушылар жол жүру, тұру және тамақтану шығындарын өз бетінше өтейді.

Ұйымдастыру жарнасын төлеу банк шотына ақша аудару арқылы, сондай-ақ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Kaspi Bank» АҚ мобильді қосымшалары арқылы жүзеге асырылады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАРЖЫ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Төлемақы жасауға қажетті реквизиттер:

Теңгемен:

Алушы – «Инновациялық Еуразия университеті» ЖШС, БСН 070740000364,
«Банк ЦентрКредит» АҚ, ЖСК KZ168562203103695694,
БСК KСJBKZKX, КБЕ 17, КНП 861

Kaspi қосымшасы арқылы төлем жасау үшін сізге қажет:

- Kaspi.kz қосымшасында Төлемдер бөліміне өтіңіз → Білім беру → ЖОО және колледждер - ЖОО атауын енгізіңіз (Инновациялық Еуразия университеті) - Факультет жолына: (Конференцияға қатысу) деп жазыңыз - Курс жолына «конференция» деп жазыңыз - одан кейін Аты-жөніңіз бен ЖСН енгізіңіз - Соманы енгізіп, төлем тәсілін таңдап, төлемді растаңыз.

Nalyk Bank қосымшасы арқылы төлем жасау үшін сізге қажет:

- Nalyk қосымшасында Төлемдер бөліміне өтіңіз → Білім беру → ЖОО, колледждер ЖОО атауын енгізіңіз: ИНЕУ ЖШС (барлық әріптер бас әріппен) - кейін өзіңіздің Аты-жөніңізді енгізіңіз - топ жолына: «Конференцияға қатысу» деп жазыңыз - Мамандығы жолына: «конференция» деп жазыңыз - Курс бөліміне 1 санын енгізсеңіз болады - Оқу түрі ретінде күндізгі деп көрсетіңіз - Төлем мақсаты ретінде «конференция» таңдаңыз - Соманы енгізіп, төлем әдісін таңдап, төлемді растаңыз.

Ресей рублімен:

Алушы – «Инновациялық Еуразия университеті» ЖШС, БСН 070740000364,
«Банк ЦентрКредит» АҚ, ЖСК KZ238562203316859276 КБЕ 17, КНП 861

БАЯНДАМАНЫ ЖАРИЯЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Баяндама мәтіні нысаны компьютерде .doc немесе .docx (Microsoft Word) (қаріптер: Times New Roman, жолдар аралығы - біраралық, символ мөлшері – 12 pt, барлық жиектері – 20 мм.) форматында жолдардың ені теңестіріліп, автоматты тасымалдауды орнатпай терілуі керек. Азат жол шегінісі - 1,25 см. Мәтін, кестелер мен суреттер «Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар» 2.105-95 МемСТ сәйкес ресімделеді. Баяндама көлемі (суреттерді қоса) А4 (210 x 297 мм) форматында 6 беттен аспауы тиіс. Суреттер мәтінге қосылған объект ретінде ресімделеді. Әдебиеттерге сілтеме төртбұрышты жақшада көрсетіледі. Әдебиеттер тізімі баяндама мәтінінің соңында беріледі және цитаталардың қолданылуына қарай ресімделеді.

Баяндама атауы ортада орналасып, бас әріптермен (қою қаріппен) басылады. Бір жол төмен беттің сол жағында орналасқан ЭОЖ индексі көрсетіледі. Баяндама атауынан соң бір аралық бос қалдырып, ортада – автор(-лар)-дың аты-жөні мен тегі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қала, электронды почтаның мекенжайы (қаріп-курсив) жазылады. Автор жөніндегі мәліметтен кейін бір жол өткізіп, баяндама тілінде құрастырылған баяндаманың қысқаша аннотациясы және одан төмен қарай ағылшын тілінде аннотация келтіріледі. Аннотациялар курсивпен беріледі. Аннотациялардың жалпы көлемі сөз арасындағы тасталымдарды (пробелдерді) қосқанда, 600 таңбадан аспауы тиіс. Аннотациялардан кейін баяндаманың негізгі мәтіні беріледі.

Баяндама файлы баяндама авторының тегі, ал егер бірнеше автор болса, бірінші автордың тегімен деп аталады. Мысалы, қатысушы **А.Б. Еликбаев** болса, баяндама файлының атауы келесі түрде ұсынылуы мүмкін: Еликбаев.doc немесе Elikbaev.doc.

БАЯНДАМАНЫ РЕСІМДЕУ ҮЛГІСІ

ЭОЖ 669.162.214

АГЛОМЕРАЦИЯЛАУ БАРЫСЫНДА ЭНЕРГИЯ ҚОРЫН ҮНЕМДЕУ

А.Б. Елікбаев, техника ғылымдарының докторы, профессор

И.В. Степанов, экономика ғылымдарының кандидаты

Урал техникалық университеті (Екатеринбург қ.)

E-mail: elikbaev@rambler.ru

Аннотация мәтіні (курсив)

Баяндама мәтіні (12 pt)

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Лазарев Д.И. Теплообмен в доменной печи. – М.: Наука, 2018. – С. 255.
- 2 Бабошин Н.Д. Теплофизические свойства топлив и шихтовых материалов черной металлургии // Металлург. – 1982. – № 6. – С. 10-13.

Баяндама мәтіні түпнұсқа болып табылады және түзетуге жатпайды.

Ұсынылған талаптарға сәйкес ресімделмеген жағдайда баяндама жарияланбайды.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ

140008, Павлодар қ., Ломов к-сі, 45, Инновациялық Еуразия университеті (ИнЕУ) (№ 1 ғимарат, 208-каб.)

Байланыс телефондары:

(8 7182) 673535 - ИнЕУ-дің қабылдау бөлмесі.

Секция № 1 - E-mail: section01@ineu.edu.kz, хатшы – Каменова Исмиральда Мейрамовна, «Құқық» кафедрасының маман-лаборанты;

Секция № 2 - E-mail: section02@ineu.edu.kz, хатшы – Бузько Татьяна Александровна, «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының маман-лаборанты;

Секция № 3 - E-mail: section03@ineu.edu.kz, хатшы – Сагитова Ляззат Оразгельдиновна, құқық ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы;

Секция № 4 - E-mail: section04@ineu.edu.kz, хатшы – Сахаба Майгуль, филология ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы;

Секция № 5 - E-mail: section05@ineu.edu.kz, хатшы – Райымжанова Асем Нурхатовна, машина жасау магистрі, «Инженерия және өндірістік технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы;

Секция № 6 - E-mail: section06@ineu.edu.kz, хатшы – Сабыр Ерік Тұрсынұлы, экономика ғылымдарының магистрі, «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы.

URL: <http://conference.ineu.edu.kz/ru/site/conf-reg>.

ҰЙЫМДАСТЫРУ

КОМИТЕТІ